

Дәрігерлік көрсетпелер бойынша емделуге жіберілген Ұлы Отан соғысының қатысушыларымен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру төлемінің Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы әкімиятының 2003 жылғы 6 маусымдағы N 135 қаулысы. Ақтөбе облыстық Әділет басқармасында 2003 жылғы 19 маусымда N 2223 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 113 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы әкімдігінің 2010.04.14 № 113 қаулысымен.

" Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңына, "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 жылғы 28 сәуірдегі Жарлығына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабына, "2003 жылға арналған облыстық бюджет туралы" облыстық мәслихаттың 2002 жылғы 20 желтоқсандағы N 4 шешіміне сәйкес облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған дәрігерлік көрсетпелер бойынша емделуге жіберілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру төлемін өтеу Ережесі бекітілсін.

2. "Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" (Қ.Елеусізұлы), "Облыстық денсаулық сақтау басқармасы" ММ (Н.Шомбалов), "Облыстық қаржы басқармасы" (Ж.Аманбаев) мемлекеттік мекемелері осы қаулыны орындау мақсатында шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулыны орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары О.Химчукке жүктелсін.

Облыс әкімі

Дәрігерлік көрсетпелер бойынша емделуге жіберілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектерді, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектерді және оларды ертіп жүрген адамдарды Қазақстан Республикасы шегінде жол жүру төлемінің Ережесін бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 21 маусымдағы Заңына және "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заң күші бар Жарлығына сәйкес жасалды.

2. Дәрігерлік көрсетпелер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемі (екі жаққа да) "Облыстық денсаулық сақтау басқармасы" ММ берген, белгіленген үлгідегі жолдама болған жағдайда:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға;

2) I, II, III топ мүгедектеріне, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектерге беріледі.

3. "Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" ММ 258 51 00 "Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша жекелеген азаматтар санаттарына әлеуметтік төлемдер бағдарламасының әкімшісі болып табылады.

4. Дәрігерлік көрсетпелер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемі жылына бір рет (екі жаққа да) беріледі. Материалдық көмекті басқа

түрлері көрсетілген тұлғаларға жол жүру төлемі төленбейді. Осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген азаматтар санатына жататын дәрігерлік көрсетпелер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген онкологиялық және урологиялық ауруларымен ауыратын науқастарды жол жүру төлемі (екі жаққа да) олардың өтініш жасауларына қарай беріледі.

5. Дәрігерлік көрсетпелер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің жол жүру төлемін қаржыландыру (екі жаққа да) облыс бюджетінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

2. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың»жол жүру төлемін өтеу тәртібі

6. "Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" ММ дәрігерлік көрсетпелер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемі:

1) СТН және Ақтөбе қаласы мен облыс банкілерінің бөлімшелеріндегі есеп шоты көрсетілген өтініш;

2) жеке куәлігінің көшірмесі;

3) "Облыстық денсаулық сақтау басқармасы" ММ беретін белгіленген үлгідегі жолдамасы;

4) осы Ереженің 2 тармағында көрсетілген санатқа жататындығын растайтын куәлік көшірмесі;

5) жол жүріп барғанын дәлелдейтін билеттер негізінде жүргізіледі.

7. Заңнамамен белгіленген жағдайларда науқасты емдеу орнына ертіп жүрген адамның жол жүру төлемі (екі жаққа да) төленеді.

8. Дәрігерлік көрсетпелер бойынша емделуге жіберілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың темір жол көлігінде жүрген жол жүру төлемі үшін, бірақ темір жол көлігі жедел поезының купе вагоны билетінің құнынан аспайтын мөлшерде (екі жаққа да) жүргізіледі.

9. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың емделуге жол жүріп барғанын растайтын құжаттар емделу орнынан келгеннен кейінгі екі ай мерзім ішінде тапсырылуы қажет.

10. Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру билеттері жоғалған жағдайда емделу орнына дейінгі және кері қайтар жолының жүру бағаларын растайтын анықтама тапсырылуы керек.

11. "Облыстық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы" ММ дәрігерлік көрсетпелер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілген Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектердің және оларды ертіп жүрген адамдардың жол жүру төлемін Ұлы отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің және соларға теңестірілген адамдардың, I, II, III топтағы мүгедектердің, 16 жасқа дейінгі жастайынан мүгедектерді және оларды ертіп жүрген адамдардың облыс және Ақтөбе қаласының банкілері бөлімшелеріндегі есеп-шоттарына ақшалай қаражат аудару арқылы жүзеге асырылады.